«Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі мемлекеттік бақылау іс-шарасының актісі

Атамекен ауылы **09.09.2026 ж**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 41–тармағы және аудан әкімі аппараты басшысының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №40 және 2023 жылғы 10 маусымдағы №20 бұйрықтары негізінде, Тасқала ауданы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің бас маманы А.Нұрымовпен 2026 жылдың 7 қыркүйек күні ішкі мемлекеттік бақылау «Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Аппарат) жүргізілді. Ішкі мемлекеттік бақылау іс-шарасы Қазақстан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы С.Кинаковтың қатысуымен өтті.

Бақылау іс-шарасының тақырыбы: Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнама талаптарын сақтау

Бақылау іс-шарасының кезеңі: Тексеру кезінде 2025 жылдың 1 қаңтары мен 2026 жылдың 30 маусымы аралығы қамтылды.

Аппаратпен келесідей мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы	01.01.2025-30.06.2026 ж. аралығында көрсетілген мемлекеттік қызмет саны-41	Бас тарту саны
1	Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру	1	0
2	Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру	7	0
3	Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу	19	0
4	Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату	3	0
5	Жер учаскесін алу үшін кезекке қою	11	0

Тексеріс нәтижесінде келесілер анықталды:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында көрсету тәртібі бойынша ақпаратты өзектендіру мерзімін сақтау және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдау талабын сақтау:

Тасқала ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-taskala?lang=ru жоғарыда айтылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қағидаларына http://adilet.zan.kz сайтындағы заңнамаға сілтемелері орналастырылған. Аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында көзі нашар көретін қызмет алушылар үшін арнайы нұсқа қарастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну:

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін түсіндіру бойынша Аппаратқа өтініштер түспегені анықталды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттырғандығы жөнінде дәлелді құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және басқа) болуы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету бойынша:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабы 2-тармағы 6) тармақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға міндетті екені көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету және мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағыдалрын үйрену бойынша Қазақстан ауылдық округі әкімі аппаратының жауапты маманы С.Кинаков біліктілігін арттыру семинарынан өтпегендігі анықталды.

Көрсетілетін қызметті берушілердің орналасу жерлерінде және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалдарының халыққа қызмет көрсету бөлімдерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілерінің бар болуы:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандарының үлгілері Аппарат орналасқан ғимаратта ақпараттық стендте орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету:

Аппаратта мемлекеттік қызметтер «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы көрсетіледі. Бұл ақпарттық жүйе «Мониторинг» АЖ-мен интеграцияланған.

Тегін негізде ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде төлем талап етуге жол бермеу:

Аппаратта мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі. Негізсіз төлем талап ету фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол бермеу:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Тексеріс кезеңінде қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды сұрату фактісі анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етуге жол бермеу:

Тексеріс барысында көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызметтің стандартымен ұсынуы айқындалмаған құжаттарды сұратудың фактісі анықталған жоқ.

Құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жол бермеу:

Тексеріс нәтижесінде құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынудың 5 фактісі (Бұйрық болмауы) анықталған.

04.04.25-KZ65RVX01323575 Кадыров Багдат Муратович «Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықты (конскурстарды,аукциондарды) өткізбей алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 2-кезеңі;

22.04.25-KZ47RVX01339419 Бисенбиев Бекқали Ізғалиұлы «Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықты (конскурстарды,аукциондарды) өткізбей алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 2-кезеңі;

12.05.25-KZ83RVX01354194 Халелова Шынар Ефремовна «Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықты (конскурстарды,аукциондарды) өткізбей алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 2-кезеңі;

29.05.25-KZ57RVX01373092 Шымыр Алпысбай Жеңіспайұлы «Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықты (конскурстарды,аукциондарды) өткізбей алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 2-кезеңі;

17.07.25-KZ24RVX01419179 Ганиматова Куралай Бекзатовна «Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықты (конскурстарды,аукциондарды) өткізбей алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 2-кезеңі;

Көрсетілетін қызметті берушімен жұмыс мерзімін сақтау:

Кемшіліктер анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтау:

ҚР 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 1-бабының 3) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден дәлелді бас тарту:

Тексеріс кезінде мемлекеттік қызметтер көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтау:

Тексеріс барысында қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылу фактілері анықталған жоқ.

Тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнде қаралуға жататын шағымдарды қарау нәтижесі туралы қызмет алушыларды хабардар ету бойынша талаптарды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын қанағаттандырудың толықтығын сақтау:

Тексеріс кезеңінде Аппаратқа қызмет алушылардан шағымдар түспеген.

Есептің және есепке талдамалық анықтаманың ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдардың (бұйрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдардың) болуы:

Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы есебі Тасқала ауданы әкімінің аппаратына тоқсан сайын ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен, жыл сайын «электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жататын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізу:

Іс-шара бақылау кезеңінде Аппаратпен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат аудан әкімдігінің сайтында жарияланды.

Тасқала ауданы әкімі аппаратының
ақпараттық технологиялар және
мемлекеттік қызметтер мониторингі
бөлімінің бас маманы **Нұрымов.А.Н**

Таныстырылды және бір данасын алды:
Қазақстан ауылдық округі әкімі **Распаев.Е.Х**

ТАСҚАЛА АУДАНЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

091000, Батыс Қазақстан облысы,
Таскала ауданы, Таскала ауылы,
Абай көшесі, № 23 үй,
тел.: 8 (71139) 21239, факс: 8 (71139) 21372
E-mail: a.taskala@bko.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

АППАРАТ АКИМА
ТАСКАЛИНСКОГО РАЙОНА

091000, Западно-Казахстанская область,
Таскалинский район, село Таскала
улица Абая, дом № 23,
тел.: 8 (71139) 21-239, факс: 8 (71139) 21-372
E-mail: a.taskala@bko.gov.kz

Қазақстан ауылдық округінің әкімі
Распаев.Е.Х

Сізге 2026 жылдың 07-08 қыркүйек күні «Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі мемлекеттік бақылау іс-шарасының қорытындысы негізінде ұсыныстарды тиісті бөлігінде орындау үшін жолдаймын.

Қосымша: 2 парақта.

Аппарат басшысы **А.Ибраева**

А.Нұрымов
87781596213

Ішкі бақылау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша ұсыныс

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы «8» желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 41–тармағы және аудан әкімі аппаратыӊ басшысының 2023 жылдың 13 желтоқсандағы №40 және 2024 жылдың 30 қаңтардағы №6 бұйрықтары негізінде негізінде, Тасқала ауданы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің бас маманы А.Нұрымовтың 2026 жылдың 07-08 қыркүйек күні ішкі мемлекеттік бақылау «Қазақстан ауылдық округі» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - Бөлім) жүргізілді.

Тексеріс барысында келесілер анықталды:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 20-бабына сәйкес, мемлкекттік қызметтерді көрсету барысында толық емес құжаттар тізімін қабылдау қағидасы бұзылған, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау мақсатында

ҰСЫНАМЫН:

1. Округ арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді бекітілген қағидаларға сәйкес көрсету және заң бұзушылықтарды болдырмау бойынша мамандарға кеңінен түсіндіру жұмысын жүргізу;

2. «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесінің толық емес топтамасы ұсыныла отырып, яғни жерге орналастыру жобасы қоса берілмегенін ескермей аудандық жер қатынастары бөлімінің жауапты маманы жер учаскесіне құқық беру туралы шешімнің және сатып алу-сату не уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартының жобасын дайындауды және келісуді қамтамасыз етуіне байланысты, Қазақстан ауылдық округі әкімі аппаратымен мемлекеттік қызмет көрсетілуіне байланысты аудандық жер қатынастары бөлімінің жауапты маманына қатысты тәртіптік жауапкершілік беру мәселесі қарастырылсын;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы «8» желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 54-тармағына сәйкес, **бес жұмыс күнінен кешіктірмей**, Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) қарауға ұсынады.

Қабылданған шаралар туралы ақпаратты аудан әкімі аппаратына **2026 жылдың 18 қыркүйегіне дейін** жолдауыңыз сұралады.

«ҚАЗАҚСТАН
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
мемлекеттік
мекемесі

Государственное
учреждение
«АППАРАТ АКИМА
КАЗАХСТАНСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА»

БҚО, Таскала ауданы, Атамекен ауылы, Жеңіс көш,11
Тел.8 (711 39) 40-0-42, факс.8 (711 39) 25-3-20
e-mail: kazakstan.taskala@bko.gov.kz

ЗКО,Таскалинский район с.Атамекен, ул Жениса,11
Тел.8(71139)40-0-42,факс.8(71139)25-3-20
e-mail: kazakstan.taskala@bko.gov.kz

140 № 15 қыркүйек 2026 жыл

Тасқала ауданы әкімі
аппаратының басшысы
А.Ибраеваға

2026 жылғы 09 қыркүйектегі ұсынысыңызға

Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты Сізге 2026 жылдың 07-08 қыркүйек күні «Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі мемлекеттік бақылау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша ұсыныс қаперге алынды және алдағы уақытта бұндай қателіктер жіберілмейді. Мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты бас маманға құқықтық оқу өткізілді.

Әкім **Распаев Е.Х.**

Орынд.: Сутеева С. К.
Тел.: 8-71139-25320

«Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі мемлекеттік бақылау іс-шарасының актісі

Тасқала ауылы **09.09.2026 ж**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы «8» желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 41-тармағы, аудан әкімі аппараты басшысының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы №37 бұйрығы және 2022 жылғы 25 сәуірдегі №16 бұйрығының негізінде, Тасқала ауданы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімнің бас маманы А.Нұрымовтың 2026 жылдың 08 қыркүйек күні ішкі мемлекеттік бақылау «Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - Бөлім) жүргізілді. Ішкі мемлекеттік бақылау іс-шарасы Бөлім басшысы Р.Бермухановтың қатысуымен өтті.

Бақылау іс-шарасының тақырыбы:. Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнама талаптарын сақтау

Бақылау іс-шарасының кезеңі: Тексеру кезінде 2025 жылдың 01 қаңтары мен 2026 жылдың 6 қыркүйегі аралығы қамтылды.

Бөліммен келесідей мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы	01.01.2025-30.06.2026 ж. аралығында көрсетілген мемлекеттік қызмет саны-1135	Бас тарту саны
1.	Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу	9	0
2.	Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау	393	0
3.	Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру	0	0
4.	Ақталған адамға куәлік беру	0	0
5.	Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етугеқұжаттарды ресімдеу	81	0
6.	Мүгедектерді техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу	227	0

7.	Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу	0	0
8.	Есту кемістігі бар мүгедектерді жылына алпыс сағат ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге мүгедектерге құжаттарды ресімдеу	0	0
9.	Мүгедектерді жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу	30	0
10	Мүгедектерді және мүгедек-балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу	107	0
11	Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу	27	0
12	Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу	23	0
13	Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру,ұзарту және кері қайтарып алу	169	83
14	Тұрғын үй көмегін тағайындау	29	6
15	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау	37	4
16	Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу	1	0
17	Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның шотына түскен мүлікке билік ету, зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша шешім беру	2	0
18	Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған кәмелетке толған адамның мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру	0	0

Тексеріс нәтижесінде келесілер анықталды:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында көрсету тәртібі бойынша ақпаратты

озектендіру мерзімін сақтау және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдау талабын сақтау:

Бөлімде мемлекеттік қызмметтер көрсету тәртібі бойынша ақпарат https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-taskala?lang=ru интернет ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну:

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін түсіндіру бойынша Бөлімге өтініштер түспегені анықталды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттырғандығы жөнінде дәлелді құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және басқа)болуы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету бойынша:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабы 2-тармағы 6)-тармақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті екені көрсетілген. Алайда бөлім қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша сертификаттары жоқ екені анықталды.

Көрсетілетін қызметті берушілердің орналасу жерлерінде және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалдарыныңхалыққа қызмет көрсету бөлімдерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілерінің бар болуы:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандарының үлгілері Бөлім орналасқан ғимаратта ақпараттық стендте орналастырылғаны анықталды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету:

Бөлімде мемлекеттік қызмет «Әлеуметтік көмек», «Е-собес» ақпараттық жүйелері арқылы көрсетіледі. Бұл ақпарттық жүйелер «Мониторинг» АЖ-мен интеграцияланған.

Тегін негізде ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде төлем талап етуге жол бермеу:

Бөлімде мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі. Негіссіз төлем талап ету фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол бермеу:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Тексеріс кезеңінде қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды сұрату фактісі анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етуге жол бермеу:

Тексеріс барысында көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызметтің стандартымен ұсынуы айқындалмаған құжаттарды сұратудың фактісі анықталған жоқ.

Құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жол бермеу:

Тексеріс нәтижесінде құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті берушімен жұмыс мерзімін сақтау:

Тексеріс кезеңінде қызмет берушінің жұмыс мерзімін бұзу фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтау:

Тексріс кезінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу фактілері анықталған жоқ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден дәлелді бас тарту:

Тексеріс кезінде «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» мемлекеттік қызметі бойынша қызмет көрсетуден 4 негізді бас тарту болды. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі №246 Заңының 2-бабы, 1–тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішінен отбасының жиынтық табысының асып кетуі себебінен 4 қызмет алушыға қызмет көрсетуден бас тартылды. Сонымен қатар, «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметі бойынша 6 қызмет алушыға қызмет көрсетуден негізді бас тартылды.Бас тартудың себебі: қызмет алушының тұрғын үйі туралы мәліметтерінің қате болуы. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі **«Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидалары»** № 123 бұйрығына сәйкес 83 қызмет алушыға қызмет көрсетуден негізді бас тартылды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтау:

Тексеріс барысында қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылу фактілері анықталған жоқ.

Тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнде қаралуға жататын шағымдарды қарау нәтижесі туралы қызмет алушыларды хабардар ету бойынша талаптарды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын қанағаттандырудың толықтығын сақтау:

Тексеріс кезеңінде Бөлімге қызмет алушылардан шағымдар түспеген.

Есептің және есепке талдамалық анықтаманың ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдардың (бұйрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдардың) болуы:

Бөліммен мемлекеттік қызметтер көрсету туралы есебі Тасқала ауданы әкімінің аппаратына тоқсан сайын ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен, жыл сайын «электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жататын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізу:

Іс-шара бақылау кезеңінде Бөліммен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат аудан әкімдігінің сайтында жарияланды.

Ішкі бақылау жүргізген :
Тасқала ауданы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің бас маманы Нұрымов.А.Н

Таныстырылды және бір данасын алды:
Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Бермуханов.Р.М

ТАСҚАЛА АУДАНЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

091000, Батыс Қазақстан облысы,
Таскала ауданы, Таскала ауылы,
Абай көшесі, № 23 үй,
тел.: 8 (71139) 21239, факс: 8 (71139) 21372
E-mail: a.taskala@bko.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

АППАРАТ АКИМА
ТАСКАЛИНСКОГО РАЙОНА

091000, Западно-Казахстанская область,
Таскалинский район, село Таскала
улица Абая, дом № 23,
тел.: 8 (71139) 21-239, факс: 8 (71139) 21-372
E-mail: a.taskala@bko.gov.kz

Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Р.Бермуханов

Сізге 2026 жылдың 07-08 қыркүйек күндері «Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі мемлекеттік бақылау іс-шарасының қорытындысы негізінде ұсыныстарды тиісті бөлігінде орындау үшін жолдаймын.

Қосымша: 2 парақта.

Аппарат басшысы **А.Ибраева**

А.Нұрымов.
87781596213

Ішкі бақылау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша ұсыныс

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы «8» желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 41–тармағы және аудан әкімі аппараты басшысының 2023 жылдың 13 желтоқсандағы №40 және 2024 жылдың 30 қаңтардағы №6 бұйрықтары негізінде негізінде, Тасқала ауданы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің бас маманы А.Нұрымовтың 2026 жылдың 07-08 қыркүйек күндері ішкі мемлекеттік бақылау «Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - Бөлім) жүргізілді.

Тексеріс барысында келесілер анықталды:

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттырғандығы жөнінде дәлелді құжаттардың (сертификатта р, дипломдар және басқа)болуы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету бойынша:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабы 2-тармағы 6)-тармақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті екені көрсетілген.

Тексеріс барысында мемлекеттік қызмет көрсету және мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағыдалрын үйрену бойынша оқыту семинарынан бөлімнің жауапты маманы А.Абулхаирова өтпегендігі анықталды, сонымен қатар бөліммен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жауапты мамандардың ешқайсысының да сертификаттары, дипломдары және басқа да оқыту құжаттарының жоқ екендігі анықталды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы «8» желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 54-тармағын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік көрсетілген қызметтердің заңдылығына жүргізілген ішкі бақылау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау мақсатында

ҰСЫНАМЫН:

1. Бөлім арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді бекітілген қағидаларға сәйкес көрсету және заң бұзушылықтарды болдырмаудың алдын-алу бойынша мамандарға кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2. Мемлекеттік қызметтер көрсететін мамандардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйрету мақсатында оқыту семинарына қатысу үшін қажетті шараларды қабылдау.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы «8» желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» 54-тармағына сәйкес, **бес жұмыс күнінен кешіктірмей**, Ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) қарауға ұсынады.

Қабылданған шаралар туралы ақпаратты аудан әкімі аппаратына **2026 жылдың 18 қыркүйегінде** жолдауыңыз сұралады.